Балалардың дербес іс-әрекеті	Анасымен баланың суретін көрсету. Анасымен бөпесі туралы не білетіндерін сұрау. Аналарының атын атату. Үйінде бөпелері барма ? Оларға қалай қарайды? сұрау. (сөйлеуді дамыту) Анасымен баласы отыратын орындықтар жасату, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қоюды пысықтау. (Құрастыру) Аналар мейрамы жайлы, жалпы мейрам жайлы түсінік қалыптастыру Қоршаған әлем	Кітаптар қарату. Қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Өртүрлі көлемдегі заттарды атауын танып, әртүрлі құрылымдар құрастырып ойнауына жағдай жасау. (сенсорика) Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атауды үйрету Қоршаған әлем	Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, Қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулуды пысықтау. (бір тұтас тәрбие) (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, Қоршаған әлем Аналардың бізге берген кәмпітін жасату. Сазбалшықтан күрделі мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру. (Мүсіндеу)	«Бауырсақ» ертегісін үстел үсті театрының кейіпкерлері және басқада көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеп мазмұнын түсінуге үйрету. (көркем әдебиет) Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. Қоршаған әлем Кіші көлемді доптарды шелектерге салғызу, оларды басқа шелекке аударып салуды, оларды күрекшемен алып бір біріне ауыстырып салуды үйрету. (сенсорика)	Зерттеу: «Малта тастар суға неге батады?» М-і: Балаларға тастар ауыр болғандықтан суға батады деген түсінік қалыптастыру. Жалпы және ұсақ моториканы дамыту, заттар арасындағы логикалық байланыс орнату, тастарды өлшемі бойынша сұрыптау. Табиғи материалмен ойнауға деген қызығушылықты дамыту Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдануды үйрету Қоршаған әлем
Балалармен жеке жұмыс	қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.	әуендерді тани білу дағдысын дамыту.	өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі	желдің дауысын ууу деп салуды үйрету.	тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұруды, доптарды нысанға қарай домалатуды үйрету.

			заттарды топтастыруды үйрету.		
Серуенге дайындық	Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Картотека№1 Ауа райын бақылау Бақылау: Ауа райының құбылмалы сәттерін бақылауға, салыстыруға үйрету (күн шықты – ыстық болды, жаңбырдан кейін шөптер көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел) бір бағыт бойынша бақылап отыру. Қимылды ойын: «Құлыншақтар» Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойынға қызығушылықтарын арттыру. Еңбек: Жеке және ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. Өз бетімен ойындар: Балаларды арақашықтықты сақтай отырып, допты көздеген жерге лақтырып тигізуге жаттықтыру.		Картотека№2 Күннің көзін бақылаймыз Бақылау: Күннің көзін бақылауды жалғастырамыз, күн неғұрлым жоғары тұрса соғұрлым жылуды аз береді. Далада күн бұлтты болса жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді. Тәжірибе: қара және ашық түсті заттарды қолмен ұстап көру, салыстыру. Шешімін жасау. Қимылды ойын: «Күн мен түн» Рөлдерде ойнау барысында өзін-өзі ұстаудың мәдени дағдылары мен адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін көрсетуге ынталандыру. Еңбек: Серуеннің соңында балалар құмның жан-жағын жинап, құмсалғыштың шетін сыпырып, қопсыту, жоғарлатып жинау.Ойын орнын тазалықта ұстауға тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: Ойын ережелерін сақтап, жауапты рөлдерді орындай білуге үйрету.		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйіне қайтуы	Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.	Психолог кеңесі. (Жеке балаларға)	Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы.	Баланың дамуы жайлы әңгіме.	Алда болатын мерекелрге дайындықты талқылау

Мексеріңгі: Беррадиетова .

Ғанаһе: Ғеттің ойындарға тәрбиелі түрде жеті.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Балдырған» кіші топ

Жоспардің құрылу кезеңі: (11.03.2025ж - 14.03.2025ж 2 апта)

Апта дәйек сөзі: «Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік» видеоролик

Тәрбиешілер: Л.К.Тукушова. К.В. Морланг

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 10.03.2025ж	Сейсенбі 11.03.2025ж	Сәрсенбі 12.03.2025ж	Бейсенбі 13.03.2025ж	Жұма 14.03.2025ж
Балаларды қабылдау		Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Күй қосу, күй күмбірі	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Күй қосу, күй күмбірі	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Күй қосу, күй күмбірі	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Күй қосу, күй күмбірі
Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру		Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		Т/ж/ойын: « Ою орнектер» Балалардың ою орнек туралы сөз қорын молайту, Бір тұтас тәрбие	Суретпен әңгіме: «Ұлттық аспаптар» балалармен ұлттық аспаптар туралы әңгімелесу. Коммуникативтік дағдылар, Бір тұтас тәрбие	Ойын – жаттығу: «Биік-аласа, тар-кең»; Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. Танымдық дағдылар	Еркінді ойын: «Қояндар секіреді».Қос аяқпен секіруге үйре ту, ептілікке, шапшаңдық қа, шыдымдылыққа, төзімділікке баулу Дене тәрбиесі
Ертеңгілік жаттығу	Картотека №2 1. «Күн» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында, бос, түсірулі. Орындалуы: қолды жоғары көтеру, тартылу, қолды түсіру. Қайталануы: 4 рет. 2. «Тук-тук» ойыны: Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде Орындалуы: алға иілу, алақандарымен тізелерін соғу. Қайталануы: 4-5 рет. 3. «Жасырынбақ» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол төменде Орындалуы: жүрелеп отыру – «балалар тығылды», алақандарды тізеге қою. Қайталануы: 4-5 рет.				

Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жендерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.	Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, әр баланы басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру.	Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету.	Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету.
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	«Ғажайып қоржын» дид. ойыны арқылы ас ішу құралдарымен сипап тану арқылы атуын ұйымдастыру «Үш аю» ертегісін кітаптан тамашалатып таныстыру (көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) геометриялық фигуралар үшбұрыш және шаршыға ұқсайтын орамалдарды ұстау және көру тәсілдері арқылы салыстырып жинату Карточкалардан үш бұрыш пен шаршының орнын табу ойынын ойнату. (сенсорика)	Дене шынықтыру Негізгі қимыл: Биіктігі 10см, ауданы 50х50 см модульге өрмелеу. Қ-ы ойын: <i>Құстар келді</i> Балалар алаңға жүгіріп шығады. «Ұяға» дегенде бір жерге жиналады. «Бесік жырын» тыңдату. Балалардан бұл әнді кім айтатынын сұрау. Адамның ең жақыны кім екенін сұрау. Аналарын қалай жақсы көретіндігі туралы балалардан сұрау, әңгімелету. Бір тұтас тәрбие (көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) Өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу. (қоршаған әлем) Балалардың қалаулары бойынша бояулармен сурет салуды ұсыну. Бейнелеу әрекетінен соң	Дене шынықтыру Негізгі қимыл: Отырып және тұрып түрлі заттардың астынан 1,5-метр арақашықтықта доптарды домалату. Қ-ы ойын: «Аю мен қоян» Бір бала – «аю», қалғандары – «қояндар». Қояндар алаңда секіріп жүреді. Ғажайып қорапшадан Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлері шығарып. Балалар оларды атайды, содан соң санап салыстырады. Қандай қызмет атқаратынын, қандай дыбыс шығаратынын атып беруді үйрету. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету (сөйлеуді дамыту, сенсорика) Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерін тағып көру. Бір тұтас тәрбие (қоршаған әлем)	Балаларға почта арқылы келген сыйлықты көрсету Ішін ашып көру үшін сыйқырлы сөзді айтқызу. Ішінде әр түрлі құрастыру ойыншықтары бар екен. Балаларды екі топқа бөліп. Бірінші топтағы балаларға әр түрлі құрылымдарды құрастырғызу (құрастыру) Екінші топ балаларына құрастыру ойыншықтарын жұптастырып қою арқылы оларды санату, салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтату. Сосын екі топтың балалары өздерінің жасаған жұмысы туралы қарама қарсы топтағы балаларға

		кұтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту дағдыларын дамыту. (Сурет салу)	Дайын әшекей бейнелерін бояту (сурет салу)	айтып беруін ұйымдастыру. (сенсорика)
Екінші таңғы ас		Жеңдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей		
Серуенге дайындық		Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)		
Серуен		Картотека № 3 Күннің шұғыласын бақылау <i>Жұмбақ</i> Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күннің көзі) <i>Бақылау:</i> Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. <i>Қимылды ойын:</i> «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны) Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай, кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. <i>Еңбек:</i> Жолдарды қардан тазарту Берілген тапсырманы жауаптылықпен орындату. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға үйрету. <i>Өз бетімен ойындар:</i> Өз бетімен атрибуттар мен көмекші-заттарды таңдай білуін, ойын шартын орындауға талаптандыру, мадақтау.	Картотека № 4 Желді бақылау <i>Жұмбақ</i> Көзіне көрінбейді, Қолына ілінбейді. Бірақ та құлағына, Ұдайы күбірлейді. (Жел) <i>Бақылау:</i> Ауа райы қалпы: жел соғып тұр, өте жылы (сыртқы сипатына қарай), оның бағыттарын анықтап, балалардың байқағыштығын дамыту. <i>Қимылды ойын:</i> «Түрлі-түсті автокөліктер» Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. <i>Еңбек:</i> Өсімдіктерге су құю Балалар тәрбиешінің басқаруымен пайдалы еңбек әрекетімен аулада айналысады. Өз бетімен өсімдіктерді суаруды үйренеді қалыптстыру (суару тәртібін сақтау). Өсімдіктерге ұқыпты күтуге тәрбиелеу. <i>Өз бетімен ойындар:</i> Айналада ойын Ұялшақ және жасқаншақ балаларға ұжымдық іс-әрекетке араласу үшін барынша ыңғайлы жағдай жасау.	
Серуеннен оралу		Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).		
Түскі ас		Балалардың бойына «Тазалықтың досы – су» - дегенді бойларына сіңіре отырып ас ішпес бұрын қолдарын жуу керектігін ескерте отырып қолдарын жууға алдымен қыздарды, одан кейін ұл балаларды қатар бойынша қолдарын жууға бағыттау. Түскі асқа отырғызу, асты ішуді бастамас бұрын дастарханда дұрыс отыруларын, екі жеңдерін жақсылап көтеру керектігін, орындықта отыра білулерін қадағалап, тәрбиешінің ас мәзірімен таныстыруын күтуге, тамақтану мәдениетін сақтауға үйрету. «Ас атасы – нан» - деген мақалды барлықтары тамақтанбас бұрын айтуға дағдыландыру, «Астарың дәмді болсын!» - сөзінен кейін таңғы астарын ішуді бастау керектігін ескерте отырып қалыптастыру.		

	Ас ішіп болғаннан кейін тәрбиеші рұқсатымен майлықтарды әдемілеп алып ауыздарын және қолдарын сүрте отырып, «Асқа рақмет!, Тұруға болады ма?» сөздерін біркелкі барлықтарына айтқызуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)			
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)			
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Картотека №2 1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып иегімізді кеудемізге тигіземіз , аяқтың ұшын өзімізге қарай тартамыз (2- 4 рет) Ішімізде жатып басымызды аяғымызды жоғары көтеру (2- 4 рет) Ойын «Жаз бен күз» оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде суық тонамыз , жаз дегенде керілеміз (3- 4 рет) 2. Майтабанның алдын алу. (2 минут) Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру. Арнайы жолдармен жүру. Орындықта отырып аяғымызды оңға солға тербету. (3- 4 рет) 3. Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар. (2 минут) Қолымызды жоғары көтеріп оңға қарай , солға қарай жоғары созыламыз еденге тигіземіз (3- 4 рет) 4. Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз. 5. Демалу жаттығулары Жіпке байланған жапырақтарды үрлеу (4-5 рет) (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)			
Бесін ас	Дос бол сабын, суменен, Жиі-жиі жуын сен. Тәңертең де кешке де. Жуын күндіз түсте де. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)			
Балалардың дербес іс-әрекеті	Көктем мезгілі екенін айту. жақында наурыз мерекесі болады деп суреттер көрсету. Суреттерге қарап танитын заттарын атату. Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен	Наурыз тойында барлық адамдар бір бірімен амандасады, қал жағдай сұрайды деп суреттер көрсету. Бір бірімен қол	Алтын қоржыннан шыққан заттарды өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету. Топтастырып болған	Зерттеу: «Қандай құм бар?» М-і: Балалардың құмның қасиеттері туралы ойларының жинақталуына үлес қосу үшін (құм түйіршіктерінен тұрады, судан өтеді; құрғақ - ұсақталады, ашық түсті; ылғалды - таяқшалар, қара түсті контейнер түрінде болады). Жалпы және

	сәйкестендіруді үйрету. Бидай мен жүгеріні көрсету. Олардың дәндерін наурыз көжеге қосатынын айту. Бір тұтас тәрбие (көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) Гүлдер мен дәндердің ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. (Сенсорика)	алысып амандасуды, қал жағдай сұрауды ұйымдастыру. Ересектермен және кұрдастарымен ауызша қарым-қатынас жасауды дамыту. Бір тұтас тәрбие (сөйлеуді дамыту, қоршаған әлем)	заттарды атау, оларды қалай қолданатынын сұрау. (сенсорика және сөйлеуді дамыту) Маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылауды үйрету. Қоршаған әлем Сюжетті –рөлдік ойын «Дәрігер» Дәрігердің қызметімен таныстыру.	ұсақ моториканы, жанасу сезімдерін, әрекеттерді сөзбен салыстыру, белгілеу қабілетін дамыту. Тәжірибелік іс-әрекет барысында достық қарым-қатынасты дамыту. <i>Наурыз батасы</i> Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын! Қайда барсаң жол болсын, Не тілесең сол болсын! Батаны жаттату. Бір тұтас тәрбие (көркем әдебиет)
Балалармен жеке жұмыс	әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау дағдысын дамыту.	орталықтарға бөлініп үстел кұрастыру және үстелге қоятын табакты мүсіндеуді үйрету.	сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыруды үйрету. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.	тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұруды үйрету. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.
Серуенге дайындық	Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).			
Серуен	Картотека №3 Күннің шұғыласын бақылау <i>Бақылау:</i> Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. <i>Қимылды ойын: «Ақсақ түлкі»</i> (татар халық ойыны) Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай, кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. Еңбек: Жолдарды қардан тазарту Берілген тапсырманы жауаптылықпен орындату. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға үйрету. <i>Өз бетімен ойындар:</i> Өз бетімен атрибуттар мен		Картотека №4 Желді бақылау <i>Бақылау:</i> Ауа райы қалпы: жел соғып тұр, өте жылы (сыртқы сипатына қарай), оның бағыттарын анықтап, балалардың байқағыштығын дамыту. <i>Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автокөліктер»</i> Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. Еңбек: Өсімдіктерге су құю Балалар тәрбиешінің басқаруымен пайдалы еңбек әрекетімен аулада айналысады. Өз бетімен өсімдіктерді суаруды үйренеді қалыптстыру (суару тәртібін сақтау). Өсімдіктерге ұқыпты күтуге тәрбиелеу. <i>Өз бетімен ойындар:</i> Айналада ойын	

		көмекші-заттарды таңдай білуін, ойын шартын орындауға талаптандыру, мадақтау.	Ұялшақ және жасқаншақ балаларға ұжымдық іс-әрекетке араласу үшін барынша ыңғайлы жағдай жасау.		
Серуеннен оралу		Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).			
Балалардың үйіне қайтуы		Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.

Тексерісі: Бердаулетова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Балдырған» кіші топ

Жоспардің құрылу кезеңі: (17.03.2025ж - 20.03.2025ж 3 апта)

Апта дайек сөзі: «Ар – намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады» (әңгімелесу)

Тәрбиешілер: Л.К.Тукушова. К.В. Морланг

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 17.03.2025ж	Сейсенбі 18.03.2025ж	Сәрсенбі 19.03.2025ж	Бейсенбі 20.03.2025ж	Жұма 21.03.25
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.Күй қосу, күй күмбірі Қ.Р.гимн айтқызу	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Күй қосу, күй күмбірі	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Күй қосу, күй күмбірі	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Күй қосу, күй күмбірі	
Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдермен әңгімелесу,кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Көктемгі ағаштар» Балалар көктем мезгілі туралы түсіне отырып, дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен, мақта таяқшасы арқылы ағаштарға бүршік салады Шығармашылық дағдылар	Оюланған кесе Қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен таныса отырып, кесеге ою жапсырады Шығармашылық дағдылар,бір тұтас тәрбие	Өткен сөздерді пысықтау, логикалық ойлау қабілетін дамыту.Мысалы: «Ойыншықтар». Балалар: доп, аю, қоян, зырылдауық т.б Коммуникативтік дағдылар	«Мысық» саусақпен ойын Пеш үстінде мысық отыр, Аздап көзін қысып отыр. Сүт ішкісі кеп , Тісі оның қышып отыр Коммуникативтік дағдылар	
Ертеңгілік жаттығу	. Картотека № 3 «Сағаттар» ойыны: Б.қ.: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында,бос, түсірулі. Орындалуы: Қолды алға-артқа сермеу – «тақ-тұқ» Қайталануы: 4 рет 2. «Терезе» ойыны: Б.қ.: Аяқ параллель, қол төменде Орындалуы: Алға еңкею, тізеге қолын тигізу, басын бұрып оңға-солға қарау «терезеге қараймыз», тіктелу. Қайталануы: 4-5 рет 3. «Доп» ойыны: Б.қ.: еркін Орындалуы: бір орында секіру Қайталануы: 6-8 рет, жүрумен алмастыру.				

Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға)	Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін таныстыру. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларында мыту. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту.	Мүсіндеуде қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қолсағат), және басқа заттардың ұқсастықтарын таба білуді үйрету	
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Негізгі қимыл: Қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. Қ-ы ойын: <i>Жапырақтар ұшады</i> Балалар қолдарын жайып, баяу айналады. «Жерге түсті» дегенде отырады Музыка (Маман жоспары бойынша)		Дене шынықтыру Негізгі қимыл: Тізерлеп тұрып өкшеге отыру және тұру. Қ-ы ойын: <i>Қар еріді</i> Балалар жайлап жүреді. «Еріді» дегенде отыра қалады.	Дене шынықтыру Негізгі қимыл: Бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап жүру. Қ-ы ойын: <i>Көктем келді</i> Балалар қол шапалақтайды, орнында қозғалады. Тәрбиеші тоқтатқанда тынышталады.	
	«Наурыз» Міндеттері: Көңілді музыка сүйемелдеуімен балалардың бірге би билеуін ұйымдастыру (музыка)	«Жаңбыр» Міндеттері: ол қалай жауады суреттер арқылы көрсету. Оны тану, атату. (сөйлеуді дамыту) (көркем әдебиет)	Ертегілер елінде» Міндеттері: Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларының иллюстрацияларын қарату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. (сөйлеуді дамыту)	Түрлі түсті сулар «Міндеттері: Суға бояу тамшыларын тамызып, судың түсінің өзгергенін байқату. Суды әр түрлі ыдыстарға құйып көрсету. Түрлі түсті сулармен сурет салғызу. (сурет салу)	
Екінші таңғы ас	Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары ,				

	ұсақ моториканы дамыту		
Серуен	№ 5 Аспанды бақылау <i>Жұмбақ:</i> Орманның, таудың үстінен Ірі кілем төселген Менің де, сенің де Үстіңнен жайылған Бірде сұр, бірде көк, Бірде көгілдір. (Аспан) <i>Бақылау:</i> Аспанды бақылауды жалғастыру. Оның қою-көк, ашық және өте әдемі болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғатта болған өзгерістер арасында жай байланыстарды орнатуға үйрету (бұлт жоқ, ашық аспан, ақша бұлттар, күн шуағын шашып тұр, жылы); қарапайым түсініктерді қалыптастыру. <i>Қимылды ойын: «Қоңырау»</i> Балаларды қол ұстасып, шеңбер бойынша қозғалуды, әр тарапқа жүгіруді бекіту, гимнастикалық баспалдаққа, орындыққа мінуді үйрету (ойыншыны ұстап алғанда ғана қоңырау шалып үлгіру). Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. <i>Еңбек: Тұқымды отырғызу.</i> Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға ұқыпты болуға тәрбиелеу. <i>Өз бетімен ойындар:</i> Дәлізде ойынға, оқу іс-әрекетіне қолайлы жағдай туғызу. Ауа райына байланысты жағымды тәртіпдағдыларын қалыптастыру.	№ 6 Бірінші будак бұлттарды бақылау <i>Жұмбақ</i> Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ, жетеді, Ауызы жоқ ұлиды. (Жел) <i>Бақылау:</i> Балаларға бұлтты бақылауды үйрету: олардың өте әдемі, бірегей негізді, күмбез тәрізді аппақ көлемнен түрлі болатынын; таңертен пайда болып кешке жоқ болтынын ескеру. Өлі табиғат құбылыстарына қызығушылығын, байқағыштығын дамыту. <i>Қимылды ойын: «Түзу шеңбермен»</i> Балаларға жаттығуларды шеңбер бойынша бірге орындауға үйрету. Қозғалыс келісімділігін жетілдіру. <i>Еңбек: Өсімдіктердің топырағын қопсыту</i> Аулада айналысады. Балаларды өсімдіктерді күтуге үйрету. <i>Өз бетімен ойындар: Әткеншек тебу</i> Балалар арасында жақсы қарым-қатынасты қалыптастыру: достық қалып, өзара көмек.	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).		
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Асқа бата: Асқа адалдық Басқа амандық Деңімізге саулық Әумин		
Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)		
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Картотека №4 Әтеш ұйықтап жатыр. Арқасымен жату, қол басында, аяқ бірге. Аяқ пен қолды жоғары көтеру, Әтеш оянды.		

	Әтеш бидай іздейді. Отыру, аяқты бірінің үстіне бірін қою. 1. Басты оңға бұру 2. Қалыпқа келу 3. Басты солға бұру 4. Қалыпқа келу 5. Сол жаққа қайталау.				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Кітаптардағы наурыз мерекесінің суреттерін қарату, ондағы таныс заттарды атауын қалыптастыру . қарапайым сөзтіркестерін (2-4сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. сөйлеуді дамыту Көңілді музыка сүйемелдеуімен балалардың бірге би билеуін ұйымдастыру (музыка) Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру Құрастыру Жапсыруға қызығушылықты ояту. Жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Жапсыру	Жастарына сәйкес «Қасқыр мен қоян» ертегісін оқып беру.. Ертегідегі кейіпкерлердің сөздерін қайталату. Кейіпкерлердің дауысын салуды жетілдіру. сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка) Бейнелерді парак бетінде орналастыра отырып,түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу,дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеуді, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу дағдыларын дамыту,желімсіз жапсыруға үйрету Сурет салу,жапсыру	Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларының иллюстрацияларын қарату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. (сөйлеуді дамыту) Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру Мүсіндеу дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу дағдыларын дамыту. Сурет салу	Дәндерді ермексаздан жасату, оларды бояту. (сурет салу, мүсіндеу,жапсыру Топтық жұмыс Ертегі оқып беру. Ойыншықтарды,суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқада көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеп ойнату. көркем әдебиет Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу Қоршаған әлеммен таныстыру	
Балалармен жеке жұмыс	ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталауға (шапалақтауға, аяқтарын тарсылдатуға, қолдың білектерін айналдыруға) дағдыландыру:	дәмі, сыртқы белгілері бойынша көгөністер мен жемістерді ажыратуға және атауға үйрету:	қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастыруға дағдыландыру:	қорапқа құрылыс бөлшектерін жинастыруды қалыптастыру:	
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Картотека № 5 Аспанды бақылау		Картотека № 6 Бірінші будак бұлттарды бақылау		

	<i>Бақылау:</i> Аспанды бақылауды жалғастыру. Оның қою-көк, ашық және өте әдемі болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғатта болған өзгерістер арасында жай байланыстарды орнатуға үйрету (бұлт жоқ, ашық аспан, ақша бұлттар, күн шуағын шашып тұр, жылы); қарапайым түсініктерді қалыптастыру. <i>Қимылды ойын: «Қоңырау»</i> Балаларды қол ұстасып, шеңбер бойынша қозғалуды, әр тарапқа жүгіруді бекіту, гимнастикалық баспалдаққа, орындыққа мінуді үйрету (ойыншыны ұстап алғанда ғана қоңырау шалып үлгіру). Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. <i>Еңбек: Тұқымды отырғызу.</i> Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға ұқыпты болуға тәрбиелеу. <i>Өз бетімен ойындар:</i>		<i>Бақылау:</i> Балаларға бұлтты бақылауды үйрету: олардың өте әдемі, бірегей негізді, күмбез тәрізді аппақ көлемнен түрлі болатынын; таңертен пайда болып кешке жоқ болтынын ескеру. Өлі табиғат құбылыстарына қызығушылығын, байқағыштығын дамыту. <i>Қимылды ойын: «Түзу шеңбермен»</i> Балаларға жаттығуларды шеңбер бойынша бірге орындауға үйрету. Қозғалыс келісімділігін жетілдіру. <i>Еңбек:</i> Өсімдіктердің топырағын қопсыту Аулада айналысады. Балаларды өсімдіктерді күтуге үйрету. <i>Өз бетімен ойындар: Өткеншек тебу</i> Балалар арасында жақсы қарым-қатынасты қалыптастыру: достық қалып, өзара көмек.		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйіне қайтуы	Ата аналарға кеңес «Бүгін балабақшада нендей қызықтар болды». Өз баласын әңгімеге тартуы	Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу	Сәтті демалыс жайлы әңгіме	Баланың достарымен қарым-қатынасы жайлы әңгіме	

Тексерісі: Бердасиева

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Балдырған» кіші топ

Жоспардің құрылу кезеңі: (26.03.2025ж - 28.03.2025ж 4 апта)

Апта дәйек сөзі: «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең» (видеоролик)

Тәрбиешілер: Л.К.Тукушова. К.В. Морланг

Күн тәртібінің үлгісі			Сәрсенбі 26.03.2025ж	Бейсенбі 27.03.2025ж	Жұма 28.03.2025ж
Балаларды қабылдау			Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Күй қосу, күй күмбірі (біртұтас тәрбие)	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Күй қосу, күй күмбірі (біртұтас тәрбие)	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Күй қосу, күй күмбірі (біртұтас тәрбие)
Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру			Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Көктем» (сурет қарастыру) қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. Коммуникативтік дағдылар	Әңгіме құрастыру «Балабақша гүлдері» баланың сөздік қорын заттардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. Коммуникативтік дағдылар	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. Әлеуметтік дағдылар
Ертеңгілік жаттығу		Картотека №4. «Құстар» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында, бос, түсірулі. Орындалуы: Қолдарды екі жаққа созу, сермеу, түсіру. Қайталануы: 4 рет 2. «Құстар су ішеді» ойыны: Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде Орындалуы: алға еңкею, қолды артқа жіберу, тіктелу. Қайталануы: 4-5 рет 3. «Секең-секең секір» ойыны:			

		Б.қ.: еркін Орындалуы: бір орында секіру Қайталануы: 6-8 рет, жүрумен алмастыру.		
Таңғы ас		Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)		
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Қол саусақтарын бұғу арқылы баланың саусағын қимыл қозғалысқа келтіру.Есте сақтау қабілеттерін арттыру.	Көкөністердің суреттерін құрастырту.Қайда өсетіндігі жайлы сұрау. Баланың сөздік қорын дамыту.	Балаларды заттарды қолдануда қателерді көре білуге үйрету; байқағыштығын, өз пікірінің дұрыстығын дәлелдей білу іскерлігін дамыту; еңбек құралдары туралы білімдерін бекіту.
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		Дене шынықтыру Негізгі қимыл: Биіктігі10сантиметр,ауданы50х50 сантиметрмодульге өрмелеу. Қ-ы ойын: <i>Құстар су ішеді</i> Балалар еңкейіп, «су ішкен» қимыл жасайды. Тік тұрып, қолдарын қағады Кітаптардағы наурыз мерекесінің суреттерін қарату, ондағы таныс заттарды атауын қалыптастыру . қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталапайтуға үйрету. (біртұтас тәрбие) (сөйлеуді дамыту) Көңілді музыка сүйемелдеуімен балалардың бірге би билеуін ұйымдастыру (музыка)	Дене шынықтыру Негізгі қимыл: (Қатар қойылған 2арқаннан) аттап секіруге үйрету Қ-ы ойын: Көбелектер мен гүлдер» Балалар көбелектей ұшып жүреді. «Гүлге қон!» десе, орындарына отырады. «Алтын қоржын» ойынын ойнату. Заттарды суреттерге сәйкес топтастыру. Таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?».Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беруге ынталандыру. Наурыз батасын жатқа айтуларын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) (біртұтас тәрбие)	Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларының иллюстрацияларын қарату. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. (сөйлеуді дамыту) Ертегі оқып беру. Ойыншықтарды, суреттерді,үстелүсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеп ойнату. көркем әдебиет)
Екінші таңғы ас		Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей		
Серуенге дайындық		Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)		
Серуен		Картотека№7 <i>Қарды, қар түсуін бақылау</i>		Картотека№ 8 <i>Қар суын бақылау</i>

	<i>Жұмбақ</i> Әкетей аппақ, Аспаннан ұшқан. Қыс бойы жатып, Жерге қашқан. (Қар) <i>Өлең</i> Көктен тартып күн нұрын, Жерден тартып жылылық. Әнің тындап бұлбұлдың, Қызғалдақтар тұр күліп. <i>Бақылау:</i> Қарды бақылауды жалғастыру, көктемгі қардың қасиеті туралы түсініктерін нақтылау. Қыста болған қармен көктемдегі қардың түстерін салыстыру (сұр, боз, лас). Балалардың назарын үстінде мұз қабаты пайда болып, оның астында боз қар болатынына; қар бірінен соң бірі еріп, суға айналады, сондықтан қардың шөгуіне назар аудару. <i>Қимылды ойын: «Таспаны ұстап ал»</i> Балаларды (белбеуге артынан байланған) таспаны сақтай отырып жүргізушіден қашуға үйрету. <i>Еңбек:</i> Аулада өз беттерімен міндеттерін орындауға үйрету (ыдысына жем шашу). Табиғат мекендеушілеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. <i>Өз бетімен ойындар: Спорт алаңындағы ойындар</i> Қозғалыс белсенділігін, шапшаңдығын дамыту. Алаңда өз бетімен ойынды таңдауға үйрету.	<i>Жұмбақ</i> Жатты да жатты, Жылғаға жаратты. (Қардың еруі) <i>Бақылау:</i> Қар қалыңдығының өзгеруіне назар аудару. Күннің қыздыруымен қардың жұқа жері еріп, қар суына айналады. Қар суы күннің ұзақ жарығында және қыздырған жерінде пайда болады. Қар астынан пайда болған бірінші шөпке назар аудару, көктемнің сұлулығына қызығушылығын арттыру. <i>Қимылды ойын: Горелки</i> (орыс халқының ойыны) Жолдастарымен келісіп алаңда жүгіруге (және орындарына тұруды) үйрету. Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. <i>Өз бетімен ойындар: Асфальтқа бормен сурет салу</i> Балаларды асфальтқа бормен сурет салуға тарту, қызығушылықтарын артыру. Өзіндік талабын мадақтау.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).	
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)	
Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)	
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Картотека №.8. Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Төсекте жатқан орнында көрпені аяғымен серпіп тастап оңға, солға домалау. Отырған жерде көзімізді ашып – жұмып көзімізге жаттығулар жасау . Бағдаршам . Бағдаршамда үш көз бар . Әр кез бағыт көрсетер . Қызыл көзін ашқанда дәл орнында тұра қал , қызыл көзін жұмып алып ,	

		Сары көзін ашқанда , Жүруге сен асықпа , Сары көзін жұмып алып Жасыл көзін ашқанда Алақтамай жолға бас Көзді ашып – жұмғанша өтіп кетер көлікте 2. Еденге жалаңаяқ тұрып. Қазақ үйін құрамыз . Дөңгеленіп тұрамыз (шеңбер болып тұрады) Керегені құрамыз (қолдарын бір – бірінің қолымен ұстасады) Уықтар боп иіліп (қолдармен биік көтереді) Шаңыраққа киеліп (қолдарын биік ұстап, саусақ ұштарын иеді) Қазақ үйін құрамыз (Барлығы қайтадан қолдарын ұстасады) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)		
Бесін ас		Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)		
Балалардың дербес іс-әрекеті		Жастарына сәйкес «Қасқыр мен қоян» ертегісін оқып беру. Ертегідегі кейіпкерлердің сөздерін қайталату. Кейіпкерлердің дауысын салуды жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка) (біртұтас тәрбие) кейіпкерлерге жанашырлық сезімін танытуға үйрету Қоршаған әлем "Жел жеңіл соғып тұр – біз толқындар саламыз!"сурет салу	Қоржынан алған затты сипаттату. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыраотырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әр текті заттарды салыстыруды үйрету.(сенсорика) (біртұтас тәрбие) Құрылыс ойыншықтарымен еркін ойындар Лэпбук арқылы ертегі айтып беру. Балаларға кейіпкерлерін атату. Олардың дауыстарын қимылдарын қайталату.(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) "Біздің айналамызда керемет үйлер бар – біз тіке сызықтар саламыз!"сурет салу	Зерттеу:Суға бояу тамшыларын тамызып, судың түсінің өзгергенін байқату. Суды әр түрлі ыдыстарға құйып көрсету. Түрлі түсті сулармен сурет салғызу. (сурет салу) Ермексаздың қалаған түсін таңдап түрлі түсті доптар жасату. (Мүсіндеу) "Біз сүйкімді шарларды жасаймыз – біз дөңгелек сызықтар саламыз!"сурет салу
Балалармен жеке жұмыс		әртүрлі көлемдегі заттарды атауын танып, санын (біреу-көп деп ажыратуын дамыту.	жүріп барып 10-15 сантиметр биіктіктен секіруді үйрету. машиналарды, доптарды, шарларды орналастыру дағдысын дамыту.	әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрт тағандап (алақанымен тіземен тіреп) еңбектеуді үйрету.Көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеп мазмұнын түсінуге үйрету
Серуенге дайындық		Киініп-шешіну Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау.		

		(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).		
Серуен		Картотека№7 <i>Қарды, қар түсуін бақылау</i> <i>Бақылау:</i> Қарды бақылауды жалғастыру, көктемгі қардың қасиеті туралы түсініктерін нақтылау. Қыста болған қармен көктемдегі қардың түстерін салыстыру (сұр, боз, лас). Балалардың назарын үстінде мұз қабаты пайда болып, оның астында боз қар болатынына; қар бірінен соң бірі еріп, суға айналады, сондықтан қардың шөгуіне назар аудару. <i>Қимылды ойын: «Таспаны ұстап ал»</i> Балаларды (белбеуге артынан байланған) таспаны сақтай отырып жүргізушіден қашуға үйрету. <i>Еңбек:</i> Аулада өз беттерімен міндеттерін орындауға үйрету (ыдысына жем шашу). Табиғат мекендеушілеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. <i>Өз бетімен ойындар: Спорт алаңындағы ойындар</i>	Картотека№ 8 <i>Қар суын бақылау</i> <i>Бақылау:</i> Қар қалыңдығының өзгеруіне назар аудару. Күннің қыздыруымен қардың жұқа жері еріп, қар суына айналады. Қар суы күннің ұзақ жарығында және қыздырған жерінде пайда болады. Қар астынан пайда болған бірінші шөпке назар аудару, көктемнің сұлулығына қызығушылығын арттыру. <i>Қимылды ойын:</i> Горелки (орыс халқының ойыны) Жолдастарымен келісіп алаңда жүгіруге (және орындарына тұруды) үйрету. Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. <i>Өз бетімен ойындар:</i> Асфальтқа бормен сурет салу Балаларды асфальтқа бормен сурет салуға тарту, қызығушылықтарын артыру. Өзіндік талабын мадақтау.	
Серуеннен оралу		Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).		
Балалардың үйіне қайтуы		Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.	Психолог кеңесі. (Жеке балаларға)	Баланың ұйқысы жайлы әңгіме

Тексерісі: Бердигметова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Балдырған» кіші топ

Жоспардің құрылу кезеңі:(31.03.2025ж - 04.04.2025ж 1 апта)

Апта дәйек сөзі: «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап» (А.Құнанбаев) (әңгімелесу)

Тәрбиешілер: Л.К.Тукушова . К.В. Морланг.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 31.03.2025ж	Сейсенбі 01.04.2025ж	Сәрсенбі 02.04.2025ж	Бейсенбі 03.04.2025ж	Жұма 04.04.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңілді музыкамен қарсы алу. Қ.Р. гимн айтқызу	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Күй қосу, күй күмбірі	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Күй қосу, күй күмбірі	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Күй қосу, күй күмбірі	Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Күй қосу, күй күмбірі
Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың үйдегі көңіл күйін сұрау	Баланың бойындағы өзгерістер мен ерекшеліктер жайлы әңгіме	Баланың тәртібі мен денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың қалай бейімделіп, не үйреніп жатқаны туралы әңгіме	Баланың тілдік дамуы жайлы әңгіме
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Суреттерді сөйлетеміз» баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту. Коммуникативтік дағдылар "Судың сиқыры" М-ы: Судың қасиеттерін таныстыру. Қажетті материалдар: Екі мөлдір стакан су. Қасық тұз немесе қант. Жүргізу барысы: Бір стакан суға тұз (немесе қант) салып араластырамыз. Балалар	"Суық пен жылыны салыстыру" М-ы: Балаларға жылы мен суықтың айырмашылығын сезіндіру. Бір ыдысқа жылы су, екіншісіне суық су құю. Ылғалды сүлгі немесе губка. Жүргізу барысы: Балалар қолын суық суға, кейін жылы суға малып көреді. Сезімдерін айтып беруін сұрау (суық, жылы, жайлы, ыңғайсыз). Қорытынды	"Ауа қайда?" М-ы: Балаларды ауаның бар екенін түсіндіру. Қажетті материалдар: Шар, қағаз желпуіш, сабынды көпіршіктер. Жүргізу барысы: Балаларға шар үрлету немесе желпуішпен желпіп көру. Сабын көпіршігін үрлеп, оның қалай қозғалатынын қарау.«Ауаны көрмесек те, ол бар!»	«Серпілген сауал» әдісімен жыл мезгілі туралы сұрақтар қойып, жауап алу мақсатында ойын жинақтауға жағдай жасау. алу үшін ойландыру, үйрету. Коммуникативтік дағдылар	"Жұмыртқа мен су тәжірибесі" М-ы: Балаларға тұзды судың әсерін көрсету. Қажетті материалдар: 2 стакан су.1 жұмыртқа. Тұз. Жүргізу барысы: Бір стакан таза суға жұмыртқаны салып көру – ол түбіне батып кетеді. Екінші стакан суға тұз қосып, араластырып, жұмыртқаны қайта салу – ол қалқып шығады. Себебін

